

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

¹Садманова И.С., ²Рымханова А.Р.

¹«Болашақ» университеті, Қызылорда

²Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қазіргі кезде психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде «креативтілік» және барлық деңгейдегі білім алушылар мен мамандардың «креативтілік қабілеттерін дамыту» мен креативтіліктің жетістікке қол жеткізудегі маңызы туралы көп айтылады.

«Креативтілік» ұғымын ең алғаш енгізген ғалым - Д. Симпсон. 1922 жылы Д. Симпсон осы ұғым арқылы адамның ойлаудағы стереотипті, таптаурын әдістерден бас тартуын түсіндіреді.

Е.П. Ильиннің [1] айтуынша, «креативтілік» ұғымының пайда болуымен бірге психологияда креативтілік пен шығармашылық қиял арасындағы қатынас пен айырмашылық туралы жаңа сұрақтар туындай бастады.

Креативтілік ұғымын қарастыруда оның екі аспектісін қарастыруға болады, олар психологиялық және педагогикалық. Психологиялық тұрғыдан алғанда креативтілік жеке тұлғаның қабілеті ретінде қарастырылса, педагогикалық тұрғыдан алғанда білім алуға қажетті сапалардың бірі ретінде қарастырылады.

Заманауи зерттеушілердің ішінде Мороз В.В. [2] бірқатар алыс шетелдік ғалымдардың креативтілік феноменін зерттеудегі тәсілдері мен мазмұнына жақсы теориялық анализ жасаған. В.В. Мороздың анализіне сәйкес, А. Ротенберг пен К. Хаусман зерттеуде мистикалық тәсілді тандайды, яғни креативтілік феномені түсіндіру қиын ұғымдар санатына жатады, өйткені саналылық пен бейсаналықтың жұмысын біріктіретін креативті процесс көбінесе болжауы қиын нәтижелерге әкеледі, әрі креативтіліктің белгісіз табиғаты эмпирикалық зерттеулер жүргізуді қиындатады.

Р. Вайсберг психодинамикалық жағынан зерттейді: креативтілік «саналы шындық пен бейсаналық қозғаушы күштер арасындағы шиеленіс» ретінде қарастырылады. Теория Л.да Винчи сияқты шығармашылығы сәтті адамдарды ғана қарастырғандықтан сынға ұшырады.

Д. Гилфорд пен Э. Торренс психометриялық тұрғыдан зерттейді: шығармашылық креативтіліктің белсенділік дәрежесін анықтау үшін Д. Гилфордтың «Ерекше пайдалану тесті», Э. Торренстің «Шығармашылық ойлауды бағалау тесті» арқылы дивергентті ойлау мен проблемаларды шешу дағдыларының даму деңгейлерін анықтауды ұсынады.

Д. Гилфорд пен Г. Уоллестің когнитивті зерттеу тәсілінің нәтижесі: креативтілік ойлауға ықпал ететін танымдық процестерді зерттеу. Креативтілік маңызды тәуелсіз құбылыс емес, үлкен ойлау процесіндегі тұжырымдама ретінде қарастырылды.

Т. Амабайл, Ф. Бэррон, А. Маслоу және Т. Любарттың әлеуметтік-тұлғалық тұрғыдан зерттеуі: зерттеулерге шығармашылық процестің ынталандырушы факторлары ретінде мотивация, жеке тұлғалық қасиеттер шығармашылық пен әлеуметтік климат алынды.

М. Чиксентмихайи, Г. Гарднер, М. Мамфорд және Р. Стернберг интегративтік тәсілмен зерттейді: креативтілік толып жатқан аспектілерден құралады: жеке тұлғалық қасиеттер, когнитивті, әлеуметтік. Мұнда креативті ортаны ынталандырушы факторлардың маңыздылығы көрсетіледі.

Сонымен бірге, Мороз В.В. өзінің еңбегінде бірқатар авторлардың креативтілік ұғымына берген анықтамаларының тізбегін ұсынады. Бұл анализге сәйкес, креативтілікті пәнаралық феномен ретінде түсінуге болады, себебі ол жеке тұлға, процесс, өнім және орта тәрізді аспектілердің тығыз байланысында ғана қарастыруға болады.

Креативтілік анықтамалары:

- Д. Симпсон «адамның стереотипті ойлау әдістерінен бас тартуы»;
- Д. Гилфорд «көп өлшемді шығармашылық қабілет және тәуекелге қабілеттілік, дивергентті ойлау, ойлаудың жылдамдығы мен икемділігі, бай қиял, мәні анық емес заттарды қабылдай білу, жоғары эстетикалық құндылықтар, дамыған түйсік»;

- Э. Торренс «кемшіліктерді, білімдегі олқылықтарды, жетіспейтін элементтерді, үйлесімсіздікті және т.б. өткір қабылдау мүмкіндігі»;
- Дж. Рензулли «өнім алуға қолданатын бірегей тәсілдерімен, мәселені әртүрлі жағынан шешудің жаңа тәсілдерінен көрінетін жеке тұлғаның мінез-құлық ерекшелігі»;
- С. Медник «пайдалылықтың арнайы талаптарына жауап беретін, элементтерді жаңа комбинацияларға қайта құру процесі»;
- Ф. Бэррон «тәжірибеге жаңа нәрсе әкелу қабілеті»;
- М. Уоллах «жаңа мәселелерді шешу немесе қою жағдайында жаңа идеяларды туғызу мүмкіндігі»;
- Х. Гейвин «стандартты емес тәсілмен құнды нәтиже алу қабілеті»;
- Э. де Боно «белгілі бір құндылыққа ие, әрі қазіргі жағдайда бұрын болмаған өнімді жасау»;
- К. Роджерс «мәселелерді шешудің жаңа тәсілдерін табу мен оны көрсетудің жаңа тәсілдерін табу қабілеті»;
- М. Чиксентмихайи «биологиялық эволюция жүретін генетикалық өзгерістер процесінің мәдени баламасы»;
- А. Ротенберг, К. Хаусман «оң нәтижелерге әкелетін стандартты емес ойлау»;
- К. Финдлэй, К. Лумсен «белгісіздік жағдайында мәселелерді шеше білу қабілеті»;
- М. Шоу, М. Ранко «маңызды құрамдас бөлігі шығармашылық мінез-құлықты ынталандыратын эмоционалды күй болып табылатын қабілет»;
- М. Боден «қызықты нәтижелерге әкелетін бар ұғымдардан идеялар туғызатын жеке тұлғалық қабілет» [2].

Сөйтіп, психология ғылымында креативтілік ұғымы тым кең және бірі-бірімен сабақтасып жатқан жеке тұлғалық қасиеттер мен қабілеттер тұрғысынан қарастырылады. Креативтілік феноменін психологиялық тұрғыдан зерттеумен айналысқан авторлардың әртүрлі зерттеу тәсілдерін қолданғанын және әртүрлі анықтамалар бергенін көріп отырмыз. Ендігі кезекте бұл ұғымның педагогикалық тұрғыдан қарастырылуына шолу жасайтын болсақ, педагогика ғылымында да креативтілікке көп көңіл бөлінетіндігін байқаймыз. Оның ішінде әр деңгейдегі (мектепке дейінгі, мектеп, колледж және ЖОО) және әр жастағы білім алушылардың, мамандардың, басқарушы тұлғалардың креативтілік қабілеттерін дамыту мәселесі көптеп зерттеліп жатыр. Креативтілікті дамыту баланың немесе ересек адам тұлғасының оқуда, өз ісінде жетістіктерге жетуіне ықпал ететін фактор ретінде қарастырылады, сондықтан креативтілікті дамыту технологиялары мен әдістері, әдістемелері мен жолдары және басқа сұрақтар барлық салаларда ерекше маңызға ие.

Заманауи білім беру кеңістігінде оқушылар мен студенттердің креативтілік қабілеттерін дамыту мәселесіне мамандар тарапынан үлкен қызығушылық туындауда. Бұл, өз кезегінде қоғамдағы болып жатқан өзгерістермен байланысты, адам тұлғасына қойылатын талаптардың, құндылықтардың өзгеруілеріне байланысты. Қазіргі кезде адамның шығармашылыққа бейімділігі, жаңашылдық қабілеті, стандарттан тыс ойлауы, жаңалықтарға ашықтығы сияқты қасиеттері бағалана бастады. Шығармашылыққа бейім бала кез келген әлеуметтік, психологиялық жағдаяттарда стандарттан тыс шешім таба білуге қабілетті, кез келген проблеманы басқа жағынан, тың ракурстарынан қабылдауға, тиісті реакция жасау білуге қабілетті деп саналады. Сондықтан, педагогикада креативті ойлауды дамыту оқу-тәрбие жұмысындағы маңызды бағыттардың бірі.

Әрине, педагогикадағы дамыту қағидаларына сәйкес, кез келген қабілетті дамыту ісін ерте жастан бастау шарт. Демек, бұл ерте балалық кезең немесе мектепке дейінгі балалық шақ. Бұл кезде креативті ойлау жалпы ойлау процесінің дамуымен қатар жүзеге асады.

Креативті ойлау мәселесін педагогикалық тұрғыдан зерттеген заманауи ғалымдарға В.Н. Дружинин, В.С. Юркевич, А.М. Матюшкин, Я.А. Пономаревтарды жатқызуға болады. Бұл ғалымдар да жоғарыда айтып өткеніміздей, креативтілікті жан-жақты зерттей отырып, оның табиғаты, критерийлері мен шарттары туралы бірыңғай пікірдің жоқтығын айтады. Егер

сараптап қарайтын болсақ, ғалымдардың барлығы да креативтілікті жаңа, бұрын болмаған өнімді ойлап табу деп түсіндіреді.

Алғашқыда креативтіліктің табиғаты регрессивті ойлау процесі ретінде қарастырылса, кейін жоғары ойлау процесі ретінде қарастырыла бастады. Креативті ойлау қабілеті немесе шығармашылық мүмкіндіктері әрбір балада болады және мамандар оны шығармашылық қиял, фантазия ретінде түсіндіреді. Әсіресе бастауыш сынып жасындағы балаларда қиял қабілеті өте жақсы жетіледі, ол біртіндеп баланы шығармашылыққа жетелейді. Сурет салу, илеу, музыка, драмаландыру тәрізді әрекеттер барысында осы креативтілік байқалады, демек педагогика мен өнердің бірігуі креативтілікті дамытады.

Білім алушылардағы креативті ойлау қабілетін дамытудың педагогикалық шарттарын алғаш рет құрастырған авторлар В.Н. Дружинин мен Е.Е. Туник. Олар бұл шарттарды екі топқа бөліп көрсетеді:

1. Отбасылық қатынастардың оқушылардың креативті ойлауын, шығармашылығын дамытуға әсері:

- ата-аналар мен ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынастың үйлесімділігі;
- ата-аналардың шығармашылық тұлғасы еліктеу үлгісі және сәйкестендіру пәні ретінде;

- отбасы мүшелерінің зияткерлік мүдделерінің ортақтығы;
- ата-аналардың балаға деген үміттері: жетістіктерді немесе тәуелсіздікті күту.

2. Мектептегі креативті ойлау мен шығармашылықты дамытудың педагогикалық шарттары:

- шығармашылықты дамытуға бағытталған бағдарламалар, тәсілдер мен әдістер;
- сыныптағы сенімді қарым-қатынас;
- қиын мәселелерді шешуге ынталандыру;
- жауапкершілік пен тәуелсіздікке ынталандыру;
- дербес жобалар жасауға, байқауларға қатысуға ынталандыру;
- шығармашылық мінез - құлықты нығайту.

Креативті ойлауды дамытудың педагогикалық шарттарының бірі - шығармашылықты дамытуға бағытталған бағдарламаларды, оқыту әдістері мен тәсілдерін қолдану. Сондай-ақ, егер педагогикалық жағдайлар жүйесін іске асырса, бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық әрекетке дайындығын қалыптастыру тиімді жүзеге асады:

- мұғалімнің бейнелі және вербалды креативтілікті, шығармашылық ойлауды, оқушылардың қызығушылықтары мен бейімділігін диагностикалау әдістемесін меңгеруі;

- танымдық процестерді дамытуды қоса алғанда, бастауыш мектеп жасындағы балалардың жеке ерекшеліктерін ескеру;

- жасына қарай креативтілік деңгейін жоғарылату;

- оқушыларды мектепте оқытудың әртүрлі сатыларында креативті әрекетке дайындығын қалыптастыру;

- оқушылардың қызығушылықтары мен бейімділіктерін ескере отырып, іс-әрекетке тарту.

Б.А. Жолдошованың [3] пайымдауынша, креативті ойлауды дамытуда шығармашылық ойындар үлкен рөл атқарады. Шығармашылық ойындарда ережелер жоқ, оларда балаға бостандық беру, эмоционалды релаксация сияқты жағдайлар бар. Нақты ережелердің болмауы өзін-өзі дамытуға және импровизацияны қолдануға мүмкіндік береді.

Креативті ойлауды дамыту «миға шабуыл», «ынтымақтастық», «қолайлы психологиялық атмосфера принциптері мен тәсілдеріне негізделген. Бастауыш сынып оқушыларында ерікті психикалық процестер әлі қалыптаспаған, сондықтан сабақтағы тапсырмалар оқу бағдарламасының қатаң шеңберінен шығуға мүмкіндік беруі шарт. Жаттығулар әр сыныпта оқушылардың жас ерекшеліктерін сәйкес әр түрлі болады, тез шаршағыш болғандықтан, сабақтың ұзақтығы баланың жұмыс өнімділігіне бағдарлануы керек.

Оқу процесінде креативті ойлауды дамытудың педагогикалық шарттары:

- креативтілікті өзектендіру үшін оқыту үдерісінде қолайлы дамытушы орта құру;

- шығармашылықтың құндылығын түсіндіру, ішкі мотивациясын қалыптастыру;
- оқушылардың мұғаліммен фасилитатор ретінде бірлескен іс-әрекеті;
- мұғалімнің өзінің шығармашылық әлеуетін өзектендіру;
- оқу процесінің мазмұнына белсенді оқытудың алуан түрлі әдістерін енгізу [3].

Мектеп оқушыларының креативті ойлауын дамытуда бірнеше педагогикалық тұжырымдамаларға сүйенуге болады:

- С. Френенің кез келген отбасындағы немесе мектептегі қарым-қатынас тәжірибесі педагогикалық құрылыммен жүзе асса, дамытушы рөлге ие болатынын түсіндіретін философиялық, әрі психологиялық-педагогикалық тұжырымдамасы;

- Р. Штейнердің өзін-өзі дамытудағы шығармашылықтың маңызы туралы тұжырымы;

- Дж. Брунер мен Х. Табаның баланың зерттеушілік тәжірибесінің оны ересек жасаушыға жақындата түсетіндігін түсіндіретін «прогрессивистік педагогикасы»;

- У. Килпатриктің практикалық мәселені шешуде баланың қызығушылықтарын басшылыққа алуды ескеретін «оқытудың жобалық жүйесі»;

- И. Хагеннің шығармашылық дамудың толып жатқан кейздейсок факторларға негізделетінін көрсететін «мультифакторлық теориясы».

Жоғарыда келтірілгендердің барлығы, сайып келгенде, мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді, яғни білім алушының креативті ойлау қабілетін дамыту оның жалпы дамуына ықпал ететін шығармашылық жағдайлардың болуын талап етеді. Баланың сабақта іс-әрекет түрін таңдау және бір әрекет түрінен екіншісіне өз қалауымен ауысу мүмкіндігі де оқушының еркін, стандарттан тыс ойлауына жағдай жасайды. Сонымен қатар қандай да бір мәселені өз бетімен шешуде оқушыға барынша күш жұмсауға мүмкіндік беру шарт, тіпті қиын жағдайда ересектер тарапынан ашық көмек емес, өзара бірлескен әрекет түріндегі қолдау көрсетілсе, балада инициатива жоғалмайды. Демек, баланың өзіндік тәжірибе шеңберінің кеңеюіне жағдай тудырса, ол креативті ойлауға, шығармашылыққа барынша мол мүмкіндікке ие болады. Бала қаншалықты көрсе, білсе, сезсе, меңгерсе, оның іс-әрекетінде соншалықты соны, жаңа шешімдер, мен жаңа әдіс-тәсілдер, жаңа түрдегі қабылдаулар пайда болады. Сондықтан, бала тек қиялдап қана қоймай, сол қиялындағы әрекеттерді жүзеге асырып, өнімдерге қол жеткізсе, мәселені шешудің қосымша нұсқаларын тауып қолданса, оның креативтілік қабілеті барынша жетіле түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ильин Е.П. Психология творчества, креативности, одаренности. - Питер; СПб.; 2009. <https://parksqt.tsu.ru/upload/iblock/aa9/aa9d04efbc67703011c9623eb383db15.pdf> (қаралған уақыты 02.02.2022.)

2. Мороз В.В. Обзор зарубежных теорий креативности. //Вестник Оренбургского государственного университета, 2016. № 12 (200). http://vestnik.osu.ru/2016_12/6.pdf (қаралған уақыты 01.02.2022.)

3. Жолдошова Б.А. Педагогические условия развития креативности младших школьников.// Научный аспект. Гуманитарные науки. - №1, 2019. <https://na-journal.ru/1-2019-gumanitarnye-nauki/1546-pedagogicheskie-usloviya-razvitiya-kreativnosti-mladshih-shkolnikov> (қаралған уақыты 02.02.2022.)

ТЕХНОЛОГИЯ АРТ-ТЕРАПИИ КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ КОММУНИКАТИВНЫХ ДЕЙСТВИЙ У ПОДРОСТКОВ

Сакенова С.М. учитель - дефектолог

КГУ «Специальная школа-интернат № 1» УОКО, Караганда

С момента своего появления искусство играет важную роль в жизни человечества. Оно одухотворяет, возвышает человека, активно развивает в нем духовные и нравственные ценности, творческий потенциал на подсознательном уровне. Формирование высших чувств